

Жаз

1.Ауа- райын бақылау

Бақылау

Ауа -райына жүйелі түрде қадағалау жасау; маусымның сипатты белгісіне көңіл аударып және біріктіру; барлық жан жануарлардың белсенді өміріне, өсімдіктердің өсуіне және жарығына, жылудың төгілуіне байланысты орнату.

Маусым -жаз басы, алмалар гүлдеп болады, күннің төгілуі,ылғалдар -өсімдіктің толқынды өсуімен, құрт- құмырсқалардың, құстардың келуімен байланысты; 22-маусым ең ұзақ күн, ең қысқа түн екенін атап өткен жөн.

Шілде - ең ыстық уақыт; күндізгі күннің ыстығы түн суығына ие болады да, жиі күн күркіреу, жаңбыр болады.

Тамыз - күні ыстық, түні суық, температура азаяды. Суыту алғашқы қатуға әкеледі.

Балаларға жаз табиғатының өзгерісі жөніндегі білімін нығайту.

Жаңылтпаш:

Жаңбыр жауып келеді қар аралас,

Бір топ қатын келеді шал аралас.

Тауға қайың бітеді тал аралас,

Бір топ сиыр келеді тана аралас.

Тақпақ жаттайық:

«Жазғы шілде» І. Жансүгіров

Ой, балалар, балалар,

Шілдем,шілдем, шілде – айым,

Шырқап торғай күн сайын,

Жапырақтар жалпайды.

Ой, балалар, балалар,

Ойналық та, күлелік,

Үйретіп тай мінелік.

Қимылды ойын

«Тату, барлығы бірге»

Алаңның қарама қарсы жағына тепе теңдікті сақтай отырып, бір жолға қозғалуға балаларды үйрету; бір жылдамдықпен бірін бірі қуып жетпей, жүгіруді үйретіп дамыту.

Еңбек іс-әрекеті

Құмның үстіне құм себу және суару

Еңбекке қатысу , еңбекке баулу; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге үйрету.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Керісінше айт»

Балалардың сөздік қорына антоним сөздерін енгізу (жылы- суық, ыстық- суық, жарық -қараңғы және т.б.); айналаны қоршаған органы терең түсіне білу.

Өзіндік іс-әрекеті

Қуанышты жағдайларды тыныш қолдауға және құруға талаптандыру; дербестілікті және бастамашылықты көтермелеу.

2.Күнді бақылау

Бақылау

Күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру; күннің қозғалысымен шығуын қадағалауды жалғастыру, күннің ұзаруымен жылынуын белгілеу күн ұзын, күннің көзі ұзақ тұрады, жоғары көтерілсе ыстық болып, онан сайын ысиды. Күннің төгілуі ,ылғалдар -өсімдіктің толқынды өсуімен, құрт- құмырсқалардың, құстардың пайда болуымен байланысты орната білу.

Жұмбақ:

Жұрттың бәрі оны сүйеді,

Бірақ қарағысы келмейді.

(Күн)

Тақпақ жаттайық:

Алақай, алақай!

Күн шықты, күн шықты,

Жер үстіне нұр шықты!

Қимылды ойын

«Ақ сүйек»

Өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау.

Еңбек іс-әрекеті

Гүлді күту

Учаскеде өсетін өсімдіктерді өз бетінше қорғауға үйрету. Гүлге ұқыпты қарауға және сүюге тәрбиелеу.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Осындай бола ма, болмай ма?»

Сұраққа жауап беруге және жауабын түсіндіруге үйрету. Жазда қар жауа ма ? Күн шығып тұр, жаңбыр жауып тұр?

Эксперимент. Қараңғы және жарық жерде өсіп тұрған өсімдіктерді қадағалау, күнге тартылатын өсімдіктер қозғалысына көңіл бөлу.

Қорытынды: Өсімдіктер өсу үшін жарық қажет.

Өзіндік іс-әрекеті

Тұрақты балалар бірлестігін нығайтуға талаптандыру. Дербестілікті және бастамашылықты көтермелеу.

3. Желді бақылау

Бақылау

Ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемесін нығайту; желдің қалай құрылуы жөніндегі мәліметтерді толықтыру: жер қызады, жерден ауа қызады, одан әрі жоғарлайды, ал суық ауа оның орнын басады, содан соң жел тұрады. Желдің нашар, күшті жақтарын ажырата білуге үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу; ағаш қозғалса күшті жел, шөп тербелсе әлсіз жел. Жазғы желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету. Табиғатқа қызығушылықты, қадағалауды дамыту.

Жұмбақ:

Қанаты жоқ – ұшады,

Аяғы жоқ – қонады.

(Жел)

Тақпақ жаттайық:

Желдет, желдет!

Баласын жылат,

Жетіқара дауылдат!

Тайтерісін қалтырат,

Өрісін құлат,

Науа-астауын жылтырат!

Қимылды ойын:

«Қол ұстасып жүру»

Белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына). Ұжымдық сезімге тәрбиелеу.

Еңбек «с-әрекеті»

Үй өсімдігін отырғызу

Үй өсімдігін отырғызуға қатысу. Жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауға үйрету.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Ойлан, асықпа»

Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне- айқын, ыстық, жарық...; «аспан» сөзіне- бұлт, көгілдір, жаңбыр сәйке келетін сөз табу.

Тапсырма. Су бойынша желдің күштілігін анықтау.

Өзіндік іс-әрекеті.

Ойында балалардың өз бетінше бір бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуге үйрету.

4.Аспанды бақылау

Бақылау

Балаларға аспанның әсемдігін көруге үйрету; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін айту керек. Табиғатта судың ауыспалы айналымы жөнінде түсініктемені толықтыру және бекіту; ең бастысы желдің бұлтты қалай қалыптастыратынын жөнінде түсініктеме беру. Бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілрек, оның баяу қозғалатынын, бірте- бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады. Табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.

Жұмбақ:

Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.

Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды.

(Бұлт)

Тақпақ:

-Ақсың, сұрсың, қарасың,

Қайда қалқып барасың?

-Жерге нөсер төгемін,

Өссін гүлдер, көп егін!

-Гүл-гүл жайнап өсер көк,

Нөсерлетсең, нөсерлет.

Қимылды ойын

«Дөңгелек лапта»

Екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін сақтай отырып (сызықты баспай). Қозғалыс координациясын дамыту.

Еңбек әс-әрекеті

Атыз арасындағы шөптерді отау және жинау

Атыз маңайындағы жолдарды өз бетінше тәртіпке келтіру, тазалықты сақтау.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Не жөнінде айтылады»

Сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білу (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды).

Өзіндік іс-әрекеті

Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға, қоршаған ортаның жағымды жақтарын қадағалау кезінде алынған тәжірибе кезіндегі сюжетін дамытуға үйрету. Ойынның бірыңғай сюжетінде бейнеленген, әр түрлі қайнар көздерінен алынған білімдерін ұштастыруға үйрету.

5. Жауын, бұршақты бақылау

Бақылау

Жауынның алғашқы белгілерін байқау: бұлттар бұл қараңғы, қалың бұлттар. Жауынның қалай құрылатынын жөнінде түсініктемені бекіту (су тамшысынан құрылатын бұлт аспанда ұзақ тұрмайды, жерге жауын болып құлайды; егер тамшылар кішірек болса - жауын сіркіреді, ірі тамшылар - жауын жиі құяды; әр бағыта болса - тікелей, қисық). Жазда жауын әр түрлі болатынын түсіндіруді қалыптастыру. Жылдың жылы уақытында жауынның орнына бұршақ жаууы мүмкін – бұл мұз жауынның қатқан тамшылары. Егер бұршақ өте ауыр болса, олар жерге түседі. Қорытындылай келе, бұл ауа температурасына байланысты болатынын атаған жөн. Жерден жоғары ауа өте суық, ол жер буынын суытады. Жазда жансыз табиғат құбылысына қызығушылығын дамыту.

Жұмбақтар:

Тіл былдыр, үні сылдыр

(Жаңбыр)

Қырда қылыш жарқылдайды.

(Найзағай)

Мақал-мәтел:

Жаңбыр жауса – жер ырысы.

Тақпақ:

Жау Жаңбыр! Ж. Смақов

Жау-жау, жаңбыр, жау-жаңбыр,
Жауған жаңбыр – жауған нұр.
Жердің шаңы басылсын,
Гүлдің ауызы ашылсын.
Еккен егін көктесін,
Бізге нанды көп берсін!

Жау, жау,
Гүлденсін бау!
Қимылды ойын

«От- су»

Жүргізушінің есептеуді таңдау талабын нығайту; белгі бойыша әрекет етуге үйрету «От» бәрі отыра бастайды, «Су» айналым бойынша бір жаққа ағады.

Ойында жолдастарының және өзінің ойын нәтижесін дұрыс бағалауға үйрету.

Еңбек іс-әрекеті

Қажеттілік бойынша(аквариумда судың ауысуы)

Аквариумдағы суды ауыстыруда ересектерге көмектесу. қолайсыз жұмыстан қашпай, белсенді орындау.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Қайсысы ұқсайды»

Белгісі мен айырмашылығы бойынша пәндерді топтастыру; өз жауабын түсіндіре білу.

Эксперимент. Құм мен балшықтың су өткізуін көрсету.

Қорытынды. Құм арқылы су тез өтті және балшық арқылы өтпеді,

Өзіндік іс-әрекеті

3-4 адамнан құралатын ойын тобының бастапқы кеңістікті жағдайды ұйымдастыруға, рөлді бөлуге, ойын тақырыбын алдын ала келісуге балаларды дайындау.

6.Кемпірқосақты бақылау

Бақылау

Көкжиектегі әр түрлі иінге-кемпірқосаққа көңіл бөлу керек; кемпірқосақтың қалай құралатынын түсіндіріп толықтыру керек(аспан төңірегінде қарама қарсы орналасқан күннің көзі жауынның пердесін жарқыратқанда); кемірқосақты қарастыру, түрін атау, иіннысанды формасы бар екенін атау.Көңіл блуін және талғампаздығын дамыту.

Жұмбақ:

Жаңбыр жуды жерімді,
Көкте өрмек керілді.
(Кемпірқосақ)

Тақпақ:

Кемпірқосақ. С.Оспанов

Қызыл-жасыл,
Дөңгелек
Кемпірқосақ көрген ек.
Бұлтқа апарар көпірдей
Тұра қалған ол кенет.
Қандай ғажап?
Керемет!
Өрмелейік деген ек.
Қайда кетті апыр-ау?..
Ғайып болды ол кенет.

Қимылды ойын

«Кім алысқа секіреді»

Ұзындыққа орнынан секіруді нығайту; жарысқа қызығушылығын дамыту. Жолдастарының сәттілігіне қуану.

Еңбек іс-әрекеті

Бөлімшеде ағып кетуді тазарту

Өз бастамасымен балаларды үлкендерге бөлімшедегі ағып кетуді тазарту кезінде көмектесуге үйрету; орнына өз бетінше еңбек құралдарын жинау.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Болады -болмайды»

Жанды және жансыз табиғат өзгерісі жөнінде, әр маусым жөнінде біріктірілген түсініктемені қалыптастыруды жалғастыру.

Эксперимент. Кемпірқосақтың құрылуы. Күннің көзіне арқамен тұрып, суды бүркіп шашу.

Қорытынды. Кемпірқосақ, күннің көзі жауын пердесін жарқыратқанда, ал адам қарама қарсы жағында болғанда құрылады.

Өзіндік іс-әрекеті

Ойынның ұйымдастырушылық мерзімінде (ойын барысында және қажеттілігі кезінде) рөлмен байланысты, балаларға бірбеттілік қатынастар мағынасын бөлуге көмектесу, бір-біріне көмектесуге талаптану, ілтипаттық білдіру, күтпеген жағдайдан алып шығу, қиыншылықтарды жеңу сияқты ойын рөлдеріне бейімдеу.

7.Күннің күркіреуін, найзағайды бақылау

Бақылау

Найзағайдың жарқылдауын бақылау, найзағай- бұл бұлт пен жердің арасында, бұлт арасында пайда болатын үлкен электр шашуы. Найзағайдың жекеленген гуілін тыңдап, ысқырыққа айналатынын байқауға болады; күннің күркіреуін елестетуді нақтылау, күннің күркіреуді табиғат құбылысы екенін түсіндіру, яғни қалың аспанда найзағай пайда болады, ол одан соң күн күркіреуге ұласады. Күн күркіреу әрбір найзағайдан соң болып отырады, одан кейін жауынның құюына ұласады, одан соң табиғат жанданады, ауа тазарады, ал өсімдіктер таза және жарқырайды. Қауіптіліктен құтылу үшін, күн күркіреу кезінде балаларға өздерін қалай ұстау керек екенін түсіндіру керек.

Жұмбақтар:

Әуеден күбі түсті,

Күбінің түбі түсті.

(Күннің күркіреуі)

Жөңкейді бұлттар дүркіреп,

Жауады жауын күркіреп

Аспанның жүзі жарқ етті,

Ақ найза жерге сарт етті

(Найзағай)

Мақал-мәтел:

Нөсер алдында найзағай ойнайды.

Тақпақ:

«Жау жаңбыр» Ж. Смақов

Жау-жау, жаңбыр, жау-жаңбыр,

Жауған жаңбыр – жауған нұр.

Жердің шаңы басылсын,

Гүлдің аузы ашылсын.

Қимылды ойын

«Бір аяқта секіру эстафетасы»(тәжік халық ойыны)

Сап түзеп, екі топқа бөліну. Бір біріне эстафетаны тапсыра отырып, бір аяқпен қуып жетуге қозғалуға үйрету. Сыпайыгершілікке, тартысты шын шешуге тәрбиелеу.

Еңбек іс-әрекеті

Тотықұс үшін бақажапырақ тұқымын жинау

Тотықұсты тамақтандыру үшін тұқымды өз бетінше жинауға тәрбиелеу. Табиғат бұрышында мекендеушілерге сезімін тәрбиелеу.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Ең алдымен не, одан соң?»

Өсімдіктерді күту жөнінде балалардың білімін нығайту(суару, отырғызу кезектілігі); құстардың көбеюі(жұмыртқа, құс, балапан).

Өзіндік іс-әрекеті

Әр балаға оларды қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіншілік беру.

8.Өзенді бақылау

Бақылау

Су айдынының өмірін бақылауға үйрету(бақалар қатты бақылдайды, суда кішкентай балықтар көрінеді, судың бетінде суөлшеуіш қозғалады, өсімдік пайда болады,құстар жүзеді,қанаттарын тазалайды, дәндерді тереді); су айдынының әсемдігін тамашалауға болады(су көп, күннің көзіне су жарқырайды, өзеннің айналасында шөптер, гүлдер өседі, олар өзенді жарқыратады, ағаш бұтақтары өзенге иіліп, оның бейнесі түседі). Жаздың басында су таза, көгілдір, өсімдік көп болатынына назар аудару керек, ал жаздың аяғында бұлдыр, өсімдік аз.Көгілдір суда құм, тас, өсімдік және шағын балықтар көрінеді. Су айдынына ілтипатты қарауға тәрбиелеу.

Жұмбақ:

Еркелеп жатамын, қаңтарда қатамын.

(Көл)

Мақал-мәтел:

Қалған көлге бақа айғыр.

Болжам: Егер жазда көлде су көтерілсе, онда бұл құрғақ ауа райына әкеледі.

Егер көлдегі балық секіріп маса ауласа, жаңбыр жауады.

Тақпақ:

Каспий бүкіл әлемде

Көл – ең үлкен,

Керемет!

Көл десеңіз, шамалы,

Кей жұрт нанбай қалады,

Көл теңіздер – Балқаш пен

Көпке мәлім Аралды!

Қимылды ойын

«Қарғы және бұрыл»

Орнынан жоғары секіруге үйрету. «Хоп!» белгісі бойынша кеңістікке бейімделу.

Еңбек іс-әрекеті

Тотықұс, аквариум үшін құм жинау

Балаларды ең үнемді жұмыстарға үйрету.

Еңбек қызметінің мәдениетіне тәрбиелеу.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Ұшады, жүзеді, жылжиды»

Құстардың, құрт құмырсқалардың, жануарлардың қозғалысы жөніндегі түсініктерін ұлғайту.

Эксперимент. Толқынның пайда болуы.

Қорытынды. Қолмен судағы соққы судың қозғалысын білдіреді, яғни толқындар желдің күштілігіне байланысты.

Өзіндік іс-әрекеті

Дәлізде ауа- райының жағдайын ескере отырып, сабақ және ойын үшін жағдай құру. Жағымды әдет ғұрпын қалыптастыру.

9.Жағадағы өсімдіктерді бақылау(қамыс,қураған шөптер)

Бақылау

Өмірде көптеген өсімдіктер үшін ылғалдың қажеттілігі жөнінде түсінігін қалыптастыру, себебі олар көлдің жағасында өседі: қамыс(ұзын және төзімді сабағымен өсімдік), қураған шөптер, **элодея**, тал; Сипатты белгілерін бөлуге және өсімдіктерді салыстыруға үйрету; жағада, су айдынында өздерін ұстай білуге үйрету: ересек адамдарсыз суға жақындамау, ағаштарды сындырмау, өзінен кейін шашпау.

Жұмбақтар:

Жазда жатсаң – көлеңкесіне алады,

Қыста жақсаң – жаның рахат табады.

(Ағаш)

Жазда тұрып жоғары, күзде жерге қонады.

(Жапырақ)

Қимылды ойын

«Орман, батпақ, өзен»(белорус халық ойыны)

Қоршаған әлем жөнінде білімін нығайту; белгі бойынша әрекет етуге үйрету: тәрбиеші жануар, құс, құрт- құмырсқа аттарын атағанда балалар олардың мекендейтін жерлерін көз алдарына елестетіп, сол маңайға жүгіреді; ойын дамыту(әр ортаны еске сақтау керек- орман, батпақ, өзен).

Еңбек іс-әрекеті

Ұқсатып жасау үшін жағада ұлутас, тастарды жинау

Ұқсатып жасау үшін, ұлутас, тастарды жинауды өз бетінше орындау. Жұмысты жоспарлауға, ұжымда еңбектенуге қалыптастыру.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Бөліктері бойынша біл»

Жағада өсіп тұрған өсімдіктер атауын нығайту, атын атау, суреттің бөліктерін қарастырып(мысалы, тек жапырақтар бейнесімен)атын атау.

Өзіндік іс-әрекеті

Өз ойын жүзеге асыруға , бірлескен ойында өз тәртібіне жауап беруге талаптандыру

10.Ағаштарды бақылау(қайың,терек,үйеңкі)

Жеміс ағаштарымен салыстыру(алма).

Бақылау

Бөлімшеде өсіп тұрған ағаштарды ажыратуға және атын атауға үйрету(жапырағы,түбірі, тұқымы бойынша); жазда ашық жасылды бұтақтардың көбейгеніне көңіл аудару керек, көлеңке түседі, сондықтан ыстық күндерде орманда салқын; Ағашты ұрығымен салыстыруға үйрету(мысалы, алма бағымен), бала бақшаның территориясында өсіп тұрған, айырмашылығын атасақ жемісі бар. Бұтақтың иілуіне қарай,ағаштағы жапырақтар бояуы мен түрлерінің әр түрлілігін салыстыру кезінде көрсету керек.Туған өлкесінің табиғатына сүйіспеншілік танытуға тәрбиелеу.

Жұмбақтар:

Жазда жатсаң – көлеңкесіне алады,

Қыста жақсаң – жаның рахат табады.

(Ағаш)

Жазда тұрып жоғары, күзде жерге қонады.

(Жапырақ)

Мақал-мәтел:

Бұтаға паналаған торғай да аман қалады.

Тақпақ:

«Көбейсін жасыл көшелер» М. Зайтов

Үйеңкі терек қарағай...

Бойлай өсті күн сүйіп.

Көшемізде жағалай

Қимылды ойын

«Атам, менің атам»(армян халық ойыны)

Өз бетінше сергектік ойынын, физикалық сапасын, шапшаңдығын, ептілігін ұйымдастыру қажеттілігін жалғастыру.

Еңбек с-әрекеті

Ұқсатып жасау үшін мақта, бұтақ, түбірлерді жинау

Өз бетінше бұтақ, түбірлерді ұқсатып жасау үшін әдетке айналдыруды жалғастыру. Жинақталған материалдарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Жапырағы бойынша ағашты таны»

Ағаш туралы білімін нығайту, жапырағы бойынша оларды тануға және ажыратуға үйрету.

*Эксперимент.*Екі өсімдікті қадағалау: біріншісін тыңайтқышпен тамақтандыру, екіншісін суғару.

Қорытынды. Өсімдіктер өсу үшін тыңайтқыш қажет.

Өзіндік іс-әрекеті

Ойын барысында балаларды ойыншықтарын айырбастауға, жинақтауға, ойын сюжетімен таңдап алынған тақырыпқа сәйкес әр түрлі қосымша материалдардың көмегімен ойын үшін жағдай туғызу, өз қолдарымен жасаған ойыншықтарды қолдану.

11. Терек бүршігін бақылау

Бақылау

Табиғаттың ең жақсы құбылыстарын бақылаудың бірі – терек бүршігінің пайда болуы. Терек бүршігінің пайда болуы жаздың басталуын білдіреді. Ағаш тұқымы – терек деген пікірді қалыптастыру; толықсыған кезде желмен, сумен шайылады, жануарлардың терілеріне жабысып басқа жерде өскендіктен бүршік – тұқым деген білімді жетілдіру. Терек бүршігі пайда болған кездегі өзін далада қалай ұстаудың ережелерімен таныстыру.

Мақал-мәтел:

Бір тал кессең, он тал ек.

Жаңылтпаш:

Кеспе өссін тал,
Өссе өсімтал,
Өссе өссін тал
Кеспе, өссін тал.

Қимылды ойын

«Ақсақ үйрек» (украин ұлттық ойыны)

Алаңда бір аяғымен жүре білуді жетілдіру, мына сөзден кейін осындай қозғалыс жасау: «Күн шықты, ойын басталды»; ойын шарттарын сақтау (екі аяғын қатар жерге қоймау керек).

Еңбек іс-әрекеті

Алаңды терек бүршігінен тазарту

Балаларды алаңда тазалықты және тәртіпті сақтауға, қоғам мүддесіне жұмыс істеуге үйрету.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Қайсысы жеңіл?»

Қоршаған орта жайлы білімді жетілдіру; сұрақтарға жауап беру: Қайсысы жеңіл: капуста немесе қияр? т.б.

Өзіндік іс-әрекеті

Балаларды құрастыру ойынына қажеттілерді жинастыруға; ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету.

12. Шырша, қарағай жөке ағаштарын бақылау. Жапырақты ағаштармен салыстыру.

Бақылау

Балаларды ағаштардың құрылымын салыстырумен қарастыруға қызықтыру – шырша мен қарағай; олардың белгілерін ажыратуға үйрету: бұтақтардың қалыңдығы мен орналасуы (қарағайда бұтақтары жоғары, шыршада төменіне дейін); олардың бояулары (қарағай – ақшыл, шырша - жасылдау); жапырақты және жөке ағаштарын салыстыру, ерекшеліктерін көрсету: жөке ағаштары жіңішке, ұзын және жапырақтары ине тәріздес қатты келеді.

Жұмбақ:

Үстінде жасыл тоны бар.

Балаларды қуантар.

(Шырша)

Тақпақ:

Шасыл шырша жанында

Би билейміз қуанып.

Тақпақ айтып, ән айтып,

Шаттанамыз бәріміз.

Қимылды ойын

«Шәпкеңді тап»

Жоғарыға секіруге үйрету; физикалық сапасын шапшаңдығын, ептілігін ұйымдастыру қажеттілігін жалғастыру

Еңбек іс-әрекеті

Жөке ағаштарының маңайын қазу

Жөке ағаштарын жинастыруға, ағаштарға жақсы қарауға шақыру. Жинақылыққа тәрбиелеу.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Бір сөзбен айт»

Заттарды жинақтауға үйрету, оларды өз сөздерінде қолдануды жалғастыру.

Эксперимент. Өсімдіктердің суға түрлі талаптарын көрсету. Әр түрлі өсімдікке бірдей деңгейде су құю.

Қорытынды. Әр түрлі өсімдікке әр түрлі деңгейде су қажет.

Өзіндік іс-әрекеті

Балаларды өзінің орнын сақтауға үйрету. Ойын жүрісінде қажет болған жағдайда 2-3 рөлдерді де орындауға үйрету; қарым-қатынас ережелерін білу – бірдей құқықты болу, басқару.

13. Бұтаны бақылау (жұпаргүл, балмұрын, долана, шие). Оларды салыстыру.

Бақылау

Балалардың бұта жайлы білімдерін бекіту және жетілдіру. Олардың жапырақтары, түстері, жемістері арқылы атауға үйрету. Салыстыру кезінде жұпаргүлдің жемісі болмайды, ал долана мен балмұрынның жемістері денсаулыққа пайдалы.

Мақал-мәтел:

Жақсы – елдің мақтаны,

Жұпаргүл – елдің мақтаны.

Тақпақ:

«Шие ағашы» С.Оспанов

Қарашы анау шиені:

Бойына су, нәр берген,

Сымбат берген, сән берген

Жерге басын иеді.

Қарашы анау шиені:

Жасыл бояу жағынған,

Қызыл моншақ тағынған

Оны бәрі сүйеді.

Қарашы анау шиені:

Теріп ал деп жемісін,

Бойы құйттай сен үшін

Бұтақтарын иеді

Қимылды ойын

«Жылдам орамал» (қазақ ұлттық ойыны)

Ойында өз ісінің және қалған ойыншылардың тәртібін дұрыс және әділ бағалауды үйрену.

Балалардың күнделікті белсенді қозғалысқа деген қажеттіліктерін қалыптастыру.

Еңбек іс-әрекеті

Бақшаны суару

Балаларды өсімдіктерге жақсы қарауға үйрету. Жұмыс уақытында талпынуға, талаптылыққа, өсімдіктерге деген сезімталдылықты тәрбиелеу.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Орын алған сұрақтар»

Сұраққа жауап беру, бұта жайлы көріністерді кеңейту, ойлау қабілетін дамытуды жетілдіру.

Өзіндік іс-әрекеті

Балаларды ойын уақытында бір-бірімен араласуды, ойыншылардың тәртібіне өзінің қарым-қатынасын білдіруге машықтау.

14. Шөп-шаланды өсімдіктерді бақылау

Бақылау

Балаларды алаңда өсетін шөп-шаланды өсімдіктермен таныстыру; өсімдіктің дамуы мен өсуі жайлы көріністерді қалыптастыру; өсімдіктің жеке құрылымымен таныстыру (тамыр, жапырақ, гүл), олардың әр өсімдікте әр түрлі екендігін түсіндіру: шөп-шаланды өсімдіктер гүлдейді.

Мақал-мәтел:

1. Сусыз жердің шөбі аясыз.
Ұлсыз ердің малы аясыз.
2. Тікеннен гүл,
Заһардан бал.

Қимылды ойын

«Құлындар»

Белгі бойынша бірінің артынан бірі болып дөңгеленіп жүруге үйрету. Шыдамдылыққа үйрету.

Еңбек іс-әрекеті

Атыздардың арам шөбін отау.

Балаларды атыздардың арам шөбін отауға, жұмысты өз еркімен ықыласты жасауға үйрету.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

Эксперимент.. Екі атызға сым тарту (біреуінің арам шөбін жұлып тазарту, екіншісінің арам шөбін жұлмалау..

Қорытынды. Шөп-шалаң жоқ жерде жемістер жақсы өседі, яғни атыз жемістерге ылғалмен күннің жақсы жетуі үшін қажет.

«Не өседі, гүлденеді, толықсиды?»

Аталмыш жерде кең таралған өсімдіктер жайлы түсіндіру.

Өзіндік іс-әрекеті

Балаларды құрастыру ойынына қажетті лерді жинастыруға; ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету.

15. Емдік өсімдіктерді бақылау (жусан, қалақай, түймедақ)

Бақылау

Балаларды бала бақша алаңында өсетін емдік өсімдіктерді дұрыс тану мен білуге үйрету, ауруларға емдік өсімдікті қарапайым жолмен қалай қолдануды үйрету. Қай мезгілде өсімдіктерді жинау керек екенін, оларды қалай кептіру керектігімен таныстыру. Осы өсімдіктерден дәрі-дәрмек жасап, дәріханаларда сататынын түсіндіру.

Тақпақ:

«Егінек» С.Оспанов

Гүлді өсімдік көріп ек,

Деді әжем:

- Бұл – егінек.

Сабағы ұзын, қабықсыз

Шөпке қарап қалыппыз.

- Оған тиме, жаным-ай,

Жасайды одан дәрімай! –

Деді әжейім тағы да

Жақын келіп жаныма.

Мақал-мәтел:

Тікеннен гүл,

Заһардан бал.

Қимылды ойын

«Кім алда?»

Белгі бойынша бірінің артынан бірі болып дөңгеленіп жүруге үйрету. Кеңістікте орналасуды қалыптастыру.

Еңбек іс-әрекеті

Емдік өсімдіктерді топтастыру

Балаларды емдік өсімдікті жинауға шақыру, оларды табу. Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрену.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Таңда болмаған не жаңалық бар?»

Емдік өсімдіктер жайлы білімдерін жетілдіру. Бақылаушылық қасиеттерін дамыту.

Өзіндік іс-әрекеті

Балаларды ойын уақытында бір-бірімен араласуды, ойыншылардың тәртібіне өзінің қарым-қатынасын білдіруге машықтау.

16. Жидектерді бақылау (құлпынай, бүлдірген). Жабайы өсетіндерді салыстыру

Бақылау

Балаларды балабақша алаңында өсетін жидектермен таныстыру, олар жайлы білімдерін жетілдіру. Жидектердің ақшыл түстісін жұлуға болмайды, себебі олар әлі піспеген, ал қызылдары – піскен, оларды жинауға болады, бірақ үлкендердің рұқсатымен. Жидектерді дұрыс үзуге үйрету. Жабайы өсетіндер – тауда, далада өсетін жидектер екендігін түсіндіру.

Жұмбақ:

Аспай піскен, қинамай түскен.

(Жеміс)

Жаңылтпаш: М.Әлімбаев

Піскен пісте,

Піс те,

Жерге

Түспе

Тақпақ:

«Қып-қызыл мына алманы-ай!» С.Оспанов

Қып-қызыл мына алманы-ай,

Алма емес, нағыз арман-ай.

Алманы үзіп алайын,

Өссеңші, бойым, сәл ғана-ай.

Қимылды ойын

«Кім дөңгелекті тез айналдырады»

Топта ойнаудың әдістерін, белгі бойынша ойнауды түсіндіру. Ұжымдық қасиеттерін қалыптастыру.

Еңбек іс-әрекеті

Құлпынай атызын қопсыту.

Өсімдіктерді өз еркімен күте білу. Өсімдікке деген сүйіспеншілігін қалыптастыру. Жинақылыққа тәрбиелеу.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Бұтадағы балалар»

Ағашта өсетін жемістерді ажырата білу.

Өзіндік іс-әрекеті

Балаларды өзінің орнын сақтауға үйрету.

17. Шөпті өсімдіктердің гүлденуін бақылау.

Бақылау

Бұл өсімдіктердің шалғындарда өсетінін, сол себепті жарықты жақсы көретінін түсіндіру. Балаларды алаңда өсетін шөп-шалаңды өсімдіктермен таныстыру; өсімдіктің дамуы мен өсуі жайлы көріністерді қалыптастыру; өсімдіктің жеке құрылымымен таныстыру (тамыр, жапырақ, гүл), олардың әр өсімдікте әр түрлі екендігін түсіндіру: шөп-шалаңды өсімдіктер гүлдейді.

Мақал-мәтел:

1.Ер – елінде, гүл – жерінде.

2.Ел ұлсыз болмас, жер гүлсіз болмас.

Жаңылтпаш:

Гүлім гүлге карап күлімдеді.

Көгілдір гүлге қонған аралар гуілдеді.

Болжам:

Таңертең шөптер құрғақ болса – жаңбыр жауады дегенді білдіреді.

Тақпақ:

«Гүл» А. Меңжанова

Қызыл-жасыл гүл егіп,

Баптап, күттік, түрлеттік,

Апта сайын суардық.

Гүлдендірдік ауланы,
Аулада гүл қаулады.

Қимылды ойын

«Шалғындағы ешкі мен қойшы» (өзбек ұлттық ойыны)

Екі топқа бөліну, ойын ережесін сақтау (ешкіні ұстап, бір аяқта қозғалу, жүргізуші сенің нөміріңді атаған кезде ғана жүгіру). Шыдамдылыққа үйрету.

Еңбек іс-әрекеті

Емдік өсімдіктерді кептіру

Өсімдіктерді жинауда жинақылыққа үйрету, айналаға пайданды тигізу, өз еңбегінің өлшемін білу.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

Шатасу «Жидек – жапырақ», «Гүл-жапырақ».

Әрбір жидекпен гүлге келетін жапырақты таңдау, бастаған істі соңына жеткізуге үйрету.

Өзіндік іс-әрекеті

Әр балаға өзіне ұнайтын іспен айналысуға мүмкіндік беру.

18.Гүлдерді бақылау.Мәдениетті өсетіндермен жабайы өсетіндерді салыстыру

Бақылау

Бақта және жазықта өсетін гүлдер туралы білімін жүйелеу және бекіту.Гүлдің құрамы неден тұратынын түсіндіру:Сабағы, түбірі, жапырағы, гүлденуі; гүлдер қалай көбейеді. Жаз басында гүлдер сары болады, содан соң ақ, жаздың аяғында ақшыл көк, қызыл болады; тәңертең гүл түбірі ашылады,кешке жабылады; түстердің молшылығы және алуан түрлілігін меңгерту. Мәдени және жабайы өсетін гүлдердің ұқсас белгілерін байқап, тәрбиешінің басқаруымен балалар мынадай қорытынды жасауы мүмкін:гүлдің мәдени формасы ірі,бақта өсетін гүлдер түстері жағынан әр түрлі,себебі оларды адамдар күтіп,баптайды.Гүлдердің әсемдігін қызықтай білуге тәрбиелеу және топты безендіруге қанша гүл керек болса,сонша жинау.

Жұмбақ:

Құлпырса, қадірлейді, аялайды, қураса, сыпырғышқа жарамайды.

(Гүл)

Мақал-мәтел:

Күнсіз гүл өспес, күтүсіз ұл өспес.

Тақпақ:

«Көктем келді гүл алып» Ө. Тұрманжанов

Көктем тілін ұғайық.

Қызғалдақты терейік,

Теріп үйге келейік.

Көбелектей киінген.

Гүлді көріп сүйінген.

Қимылды ойын

«Аю және ара»

Белгіні естіп тапсырманы жылдам орындай білуге,шыдамдылыққа ,шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Еңбек іс-әрекеті

Топты әсемдеу үшін гүлдерді жинаймыз.

Әсемдікті сезіне білуге,гүлдерді түбірсіз жұлуға,бірлесіп еңбектенуге тәрбиелеу.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Қандай гүл екенін ойлап тап ?»

Балаларды сипаттама бойынша гүлдерді ойлап табуға; гүлдерді айыра білулерін бекіту.

Өзіндік іс-әрекеті:

Өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау.Ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу.

19. Саңырауқұлақтарды бақылау. Суреттер бойынша анықтау:

(ақ, саңырауқұлақ, қоңыр саңырауқұлақ, түлкішек

жеуге жарайтын, қозықұйрық, маслята), зәрлі (шыбынжұт,жалған бозарыңқы улы саңырауқұлақ)

Бақылау

Саңырауқұлақтардың атауын толықтыру және нығайту (бөлімшеде өсетін улы саңырауқұлақ, сурет бойынша және қозықұйрық орманда өсетін саңырауқұлақ); құрылысына көңіл бөлу керек (шәпкесі әр түрлі, аяғы- ақ), саңырауқұлақтар нақты орындарда өседі, яғни нақты ағаш және қуыстарда өсуге бейімделген (терекқұлақ көктеректе, маслята қарағайда, ақ саңырауқұлақ қайыңда); зиянды және жейтін саңырауқұлақтарды ажырата білу керек. Ережесімен таныстыру: саңырауқұлақты, егер білмесең жұлмау керек; қажет болмаса жұлмау керек (тіпті зиянды саңырауқұлақты аңдар жейді); түбіріне зақым келмеу үшін саңырауқұлақты пышақпен кесу керек. Экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.

Жұмбақ:

Сырты бүтін,

Іші түтін

(Саңырауқұлақ)

Мақал-мәтел:

1. Ас үстінен аттама

Астан үлкен емессің,

2. Тамақтан өткеннің бәрі тамақ.

Тақпақ:

«Саңырауқұлақ тергенде» С.Оспанов

Айтайын қызық сендерге:

Саңырауқұлақ тергенде

Тығылып жерге қалғандай,

Біреулер теріп алғандай,

Қойғандай елді жақтырмай,

Жатады екен таптырмай.

Қимылды ойын

«Адымдарды сана»

Адымдарды санауды бекіту; (адымдардың санын аз жасай отырып) тапсырма бойынша алаңда қозғалу. Кеңістікті бағдарлай білуге бекіту.

Еңбек іс-әрекеті

Қажеттілік бойынша

Учаскіде үнемі тазалықты сақтауға қоқыстарды жинауға тәрбиелеу (бұтақша және тағы басқалар.).

Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Саңырауқұлақты кім бірінші жинайды?»

Жеуге келетін және жеуге келмейтін саңырауқұлақты ажырата білу және тани білу; өз таңдауын негіздеу.

Өзіндік іс-әрекеті

Ойын кезінде балалар іс-әрекеттерін бір-бірімен келісе отырып жетілдіру.

20. Құрт- құмырсқаларды бақылау

(инелік, ара, маса, шыбын, көбелек)

Бақылау

Шабындықта, бала бақша учаскесінде, ағаштарда, өзеннің айналасында шыбын-шіркейлердің алуантүрлілігі туралы балалардың ұсынысын біріктіру, көп түрлі қоңыздар, көбелектер, инеліктер, шыбын, ара, масалар өмір сүретін тағы басқа жерлерде; ашық белгісі бойынша құрт- құмырсқалар топтарының көрсетілген жиі кездесетін өкілдері бойынша атауында және айырмасында жаттығу (көлемі, бояуы, дененің жеке бөлігінде); құрт- құмырсқалар пайдасы жөнінде ұғымды толықтыру (аралар бал жинайды, өсімдіктерге зиянын тигізетін құрт- құмырсқаларды инеліктер жейді); «құрт- құмырсқа» түсінігін қалыптастыру, құрт- құмырсқаның мәнділік жалпы белгісін ажыратуға үйрету.

Құрт- құмырсқаларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Жұмбақтар:

1. Бар екен бір мақұлық ұннан майда, өз басын айдайды екен қиян жайға,

Ұстасаң үгітіліп жоғалады, дамылдап отырмайды ешбір жайға. (Көбелек)

2. Жүрген ізің байқалмаған, жүдеу қызым қайқаңдаған (Инелік)

3. Біреуге найза түйрейді, өзі де сондай күрейді (Ара)

Мақал-мәтел:

1. Балық жоқта бақа да балық.

2. Бақа батпағына,

Балық көліне.

Тақпақ:

«Көбелектің жыры» Н. Айтов

Қанатымды бір қағым,

Демде қайта жоғалам.

Десе гүлді дала бар,

Қос қанатым талмайды.

Мені көрсе балалар,

Қыр соңымнан қалмайды.

Жаңылтпаш:

Инелік илеуде иленбейді.

Итбалық итмұрынды иіскемейді.

Қимылды ойындар

«Шалғындықта үш сайыс»

Бастапқы стартта орынды сақтап, жерде жатқан доға арқылы аттап өтуге үйрету; шыдамдылық және күштің әсер етуіне мүмкіндік туғызу.

Еңбек іс-әрекеті

Гербариды жинау. Құрғату.

Ересектердің тапсырмасын жауапты және өз бетінше орындауға үйрету.

Өсімдіктерге сүйіспеншілігін туғызу.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

« Кім қайда тұрады? »

Учаскеде қоректенетін шыбын-шіркейлер, жануарлар мекендерінің өмір сүру ортасы туралы білімдерін кеңейтіп бекіту; әуесқойлықтарын тудыру

Өзіндік іс-әрекеті

Ойын түрін таңдауындағы дербестік, әрекеттің жетілдіру.

21. Зиян келтіруші құрт-құмырсқаларды бақылау

Бақылау

Шыбын-шіркейлердің алуантүрлілігі туралы балалардың ұсынысын жалпылау. Зауза қоңыз бақша және бөлімшеде үлкен зиянды қандыағаштардағы жапырақтарда жиі кездесетін зиян келтірушілер мен шыбын-шіркейлерді танып біліп және атау(құрт, шынжыр табан көкөніс өнімдерінің зиян келтірушілер болып табылады; қырыққабат жейтін ақ- көбелек қырыққабаттың жапырақтарын жейді). Сырт пішіні ерекшеліктері және тіршілік әсер етулер туралы өнер-білім және ұсынысты кеңейту. Зиян келтірушілермен күрестің әдістерімен көздестіру: сарымсақ тұнбасымен, күлмен суару, толарды жинау. Өсімдіктер және шыбын-шіркейлердің өмірлері аралығында өзара байланыс пен өзара тәуелділікті орнатуға үйрету.

Жұмбақ:

1. Ұшқанда өлең айтады,

Қонғанда жер қазады.

Мұны да ойлап көрейік,

Шешуін кім табады?

(Қоңыз)

2. Шидім, шидім, шидім құс,

Ши басына қонған құс.

Қарқаралы қара құс,

Хан басына қонған құс.

(Шыбын)

Тақпақ:

«Қарақұрт» С.Оспанов

Өрмекшіден аумайды,

Өрмекпен жем аулайды.
Қарнында он үш нүкте бар,
Аяғында түк те бар.
Мекендер шөл даланы,
Малды, адамды шағады.
Жылы желді қалайды ол,
Қарақұрттан абай бол.

Қимылды ойын

«Үшқалақтар»

Балаларға (сол аяқты сілки отырып, оң аяққа алға секіру, одан соң оң аяқты сілки отырып, сол аяққа, ал қорытындысында сол аяқпен жылжу және біруақытта екі аяқпен жерге түсу) үш дүркін секіруді орындауға үйрету. Сапаның адамгершілікті-еріктісіне тәрбиелеу: оң нәтижелердің табысындағы шыдамдылықты, табандылықты көрсету.

Еңбек іс-әрекеті

Зиян келтірушілермен күрес (күлмен, сабын ерітіндісімен жапырақтарды бүрку)

Тапсырманы ынталы, ұқыпты орындауға үйрету; ниет- нәтиже шығаруға тәрбиелеу. Еңбек құралдарын жұмыстан соң орнына қоюға үйрету.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Жұмбақтарға шешулер» «(құрт-құмырсқалар)

Жұмбақтарды шешуге талаптандыру, шешуін табу кезінде белсенді болу.

Өзіндік іс-әрекеті

Балалардың ойынының мазмұнын және тақырыбын біріктіру және дамыту. Ойын мағынасын жүзеге асыру және құру кезіндегі белсенділігіне тәрбиелеу.

22. Құмырсқаларды және құмырсқа илеуін бақылау

Бақылау

Құмырсқалар және құмырсқа илеуімен балаларды таныстыруды жалғастыру; бақылау кезінде құмырсқалардың үлкен жанұялармен өмір сүретініне көңіл аудару, сүйір үйлерді салады - бір тал шөптер, қылқан жапырақ, тағы басқа материалдардан (балапан құрттарды асырайды), (минутына 100 шынжыр табандары) зиянды шыбын-шіркейлерді құрта отырып, пайда әкеледі. Ауа райын құмырсқа илеуі арқылы болжауға болатын балаларға көрсету: егер барлық жолдары ашық және еркін жүрсе, онда жақсы ауа райының нысанын білдіреді. Балаларға құмырсқа илеуін қоруды керек болатыны жөнінде қорытынды жасау.

Жұмбақ:

Екі басы жұдырықтай
Ортасы қылдырықтай.

(Құмырсқа)

Бір балуан өзі күшті, қайраты мол,
Өзінен үлкен затты көтерер ол.
Мейлі қыр, мейлі жота, мейлі төбе,
Қайқандап аса берер бәрінен де ол.

(Құмырсқа)

Тақпақ:

«Құмырсқа мен Мұрат» С. Оспанов

Таңнан кешке құмырсқа
Жалықпайды жұмысқа.
Ерінбейді Мұрат тек
Тұруға кіл бұрышқа.

Тыйымдар:

Құмырсқаның илеуін бұзсаң, үй ішіңе кесепаты тиеді.

Қимылды ойын

«Бота»

Шығармашылық, ұйымдастырушы және бастамашылық қабілеттіліктерді жетілдіру. Қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға тәрбиелеу.

Еңбек іс-әрекеті

«Құмырсқа илеуі үшін қоршаулар»

Құмырсқа илеуін балаларға қамқорлыққа алуға тәрбиелеу; жануарларды күту талабын жетілдіру. Еңбек дағдыларын жетілдіру.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Болмаған нәрсені кім көбірек байқайды»

Табиғатта маусымды құбылыстар туралы ұсынысты бекіту; елестету, ықыласты жетілдіру.

Тапсырма. Қант шақпағын қою. Минуттан соң ештеңе қалмайды.

Қорытынды. Құмырсқалар тәттіні жақсы көреді.

Өзіндік іс-әрекеті

Игерілген норма мен ережелерді орындауға балаларды ойын барысындағы қарым қатынастарға икемдеу(тәртіп мәдениеті, достық сезім, ұжымдық қарым қатынастар).

23. Бақаны бақылау(қосмекенділер

Бақылау

Бақаларды бақылау үшін банкіге салады. Бақылау барысында байқауға болады,бақаның терісі жұмсақ, жасыл түсті, оның тісі бар,олардың қосмекенділерге жататынын айқындау қажет, яғни ол суда да , құрғақта да өмір сүреді, бірақ уақыттың басым көпшілігін суда өткізеді- жүзеді,жерде секіреді, тамақтану барысында ол тілін бірнеше сантиметрге жібереді.

Тілі сұйық кілегейімен жабылған, оған шыбын, масалар жабысады, құрттармен және шынжыр табандармен қоректенеді. Артқы аяқтары,алдыңғы аяқтарынан әлдеқайда ұзындау, сондықтан ол жүре алмайды, ол секіреді. Балаларға бақаның пайда әкелетінін атап өту: зиян келтіруші- шыбын-шіркейлерді жейді. Бақаның пайда әкелетінін, құрт құмырсқаларды жейтінін, өсімдік жапырақтарын және сабағын жейтінін атап өту керек.

Мақал-мәтел:

1.Қалған көлге бақа айғыр.

2.Бақа батпағына

Балық көліне.

Тақпақ:

«Бақа» С. Оспанов

-Білесің бе,

Бақаны

Бақа деп неге атады?

-Өйткені олар әрдайым

«Бақ-бақ» десіп жатады.

Қимылды ойын

«Бақалар»

Алаң бойынша алға секіре, төрттағандап қозғалуға үйрету, орыннан ұзындығына секіре білуге үйрету. Секірулерді табиғилық, жеңілдік және жаттығуларды орындауды дәлдік дегеніне жете жетілдіру.

Еңбек іс-әрекеті

«Құм салғыштан шашылған құмды учаскеден жинастыру»

Учаскеде құмды өз ынтасымен жинастыруға үйрету; тазалыққа және ретке келтіру әдеттін қалыптастыру.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер

«Кім бұл тап?»

Сипатты белгілері бойынша учаскеде қоректенетін , құрт құмырсқаларды, құстарды, өсімдіктерді бейнелеп айтуға үйрету; заттың белгісі мен әрекетін білдіретін сөз құрамын ұлғайту.

Өзіндік іс-әрекеті

Балалардың ойын кезінде бір бірімен араласа білуін жетілдіру, өз әрекетімен қылықтарын көрсете білуге үйрету, өз пікірінде тұруға; өз қатарласының ұсынысымен келіспеушілігін дұрыс жеткізе білуге, оның рөлді, ойыншықтарды, міндеттерді дұрыс бөлуін қадағалау.

24. Кесірткені бақылау

Бақылау

Кесіртке туралы ұғымды балаларға қалыптастыру,оның сыртқы бейнесінің ерекшеліктерін байқауға және қадағалауға үйрету(сұр, жанарларында қара оюы бар, шағын мөлшерде, ұзын денелі; басы кішкентай, мойны қозғалыста, аяғы қысқа, жіңішке, икемді құйрығы бар, қауіпті жағдайда сынып кетуі мүмкін; шағын жануарлармен қоректенеді: бақа, құрт-құмырсқа, кейде өсімдіктермен); тәртібінің ерекшеліктері жөнінде елестетуге болады(тез жүгіреді, жерде тұрады, бірақ біраз уақытын суда өткізеді).Бақыланатын объектіге қызығушылығын арттыру.

Жұмбақ:

Ат басты,
Арқар мүйізді,
Бөрі кеуделі,
Бөкен санды.
Қос қанатты,
Құмырсқа ізді,
Бота тірсекті.

(Шегіртке)

Қимылды ойын

«Керме ау» (якутия халықтық ойыны)

Балаларды екі топқа бөлінуге үйрету(керме ау, балық), «Керме ау» белгісі бойынша қолды жібермей әрекет ету керек, балықты қоршайды, балықтар «көлде жүзеді. Ойын тәртібін сақтау керек: тізбекті үзбеу керек, тек «көлде» ғана балықты аулау керек , «.балықтыңүйінде» емес.

Еңбек іс-әрекеті

Көкөністерді тыңайтқыштармен суару

Өз еңбегінің маңыздылығын білу,нәтижеге жету талпынысын дамыту.Жұмысты ұқыпты,мұқият орындауға тәрбиелеу.

Дидактикалық ойындар.Тәжірибе және эксперименттер.

«Кім ұшады,жүгіреді,секіреді?»

Жәндіктердің өмірі туралы балалардың түсініктерін кеңейту және тереңдету.Олардың қозғалыс ерекшелігін білу;білуге құмарлығын дамыту.

Өзіндік іс-әрекеті

Бірлескен іс-әрекетте белсенді тәртіп және мінез-құлық ережелерін қолдануға себептесу.

25.Құстардың ұяларын және ән салуын бақылау.

Бақылау.

Телімде жиі кездесетін құстардың атауларын анықтау және тіркеп отыру, құстар дәл осы уақытта ұя салуын, жұмыртқа салуын, отыруын, жылытуын-балапандарды басып шығаруын;ұшуға үйрету, өз бетімен азық табу; балапандарды жаулардан қорғауын және тамақтандыруын белгілеп отыру. Олардың ұшып жүріп жәндіктерді ұстауына, ұяға балапандарға азығымен-жәндіктермен оралып келуіне назар аудару. Құстар өсімдіктерді сақтауға көмектеседі деген қорытындыға келтіру.Олардың дене пішіндерін салыстыру негізінде дауыстарын ажырата білуге үйрету, үстіңгі қабатында өзіне тән ерекшеліктерін айыру.Қозғалу әдісі олардың аяқ, қолдарының құрылысына байланысты екенін құстардың негізгі сезім мүшелері және олардың қызметі туралы ұғымды анықтау.Бақылау кезінде құстардың жаздың аяғында ұяларын тастап кететінін,алаңқайға тамақ табу үшін ұшып кететінін,жылы жаққа ұшуға дайындалатынын, үлкен топтарға жиналатынын анықтау.Құстарға ұқыпты қарым-қатынаспен және сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.

Жұмбақтар:

1.Күндіз соқыр не деген?

Түнде қандай көреген.

(Үкі)

2.Қыстағы ақ мамыққа, жалғау жалға, жалықпа!

Сонда құс болып шығады, қане қай құс, анықта?!

(Қарға)

Тақпақ:

«Бұлбұл» С.Оспанов

Сайрап берді күн шықпай,

Шап-шағын құс шымшықтай.

Бар әуенді бұл білгіш –
Осы екен ғой бұлбұл құс!

Ырымдар.

Егер бұлыңғыр күндері құстар шықылықтап, шулап кетсе, бұл күннің ашылуына көрінеді.
Торғайлар жерге жиналса, құмға, шаңға аунаса – жаңбырға көрінеді.

Қимылды ойын

«Ұшатын тәрелке»

Балалардың көзбен шамалауын, дискіні лақтыруда және ұстауда қолдарын белсенді қимылдату мақсатына жету, кімнің тәрелкесі алысырақ ұшады немесе тәрелкесін көпке дейін түсірмеген жұп жеңеді. Ойында өзін және жолдастарын әділ және дұрыс бағалауға үйрету.

Еңбек іс - әрекеті

Қыстайтын құстарға бүршікті бұтақтарды, тұқымдарды жинау. Қыстайтын құстарға қамқор болуға, еңбектенуге тәрбиелеу, өз бетімен жұмыс істеуге тәрбиелеу.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен эксперименттер.

«Бәрі үйлеріне» (белгілер бойынша үйді табу)

Жануарлардың мекенін суреттеуге үйрету, сипаттау бойынша табу. Өртүрлі сөз таптарларын тікелей мағынасымен қолдану ептілігін жетілдіру.

Өзіндік іс-әрекеті

Ойын кезінде балалардың өз әрекетерін басқа ойын әріптестерімен келістіру ептілігін дамыту.

26. Көкөністерді (қырыққабат, қызылша, қызанақ, бұршақ) қадағалау, оларды салыстыру.

Бақылау.

Бақшада өсіп жатқан көкөністер туралы түсініктерін анықтау және кеңейту, сыртқы келбетіне қарап тануға және оларды атауға үйрету. Негізгі өсу кезеңдері (дән, өскін, жетілген өсімдік, гүлшанақ, гүл, жеміс), бірақ барлығында емес: бұршақ – бұршаққын, сәбіз гүлдемейді – жемісі жер астында және т.б.; өсу үшін қажетті жағдайлар туралы білімді бекіту (жылу, жарық, ылғал, күту, құнарландыру) өсімдіктердің нақты ерекшеліктерін атау арқылы сөз байлығын белсендету, салыстыру ептілігін дамыту. Балабақша жүйегінде өсіп жатқан көкөністерге қызығушылыққа тәрбиелеу.

Жұмбақтар:

1. Аласа тауда алуан алма,

Алқызыл болмай аузыңа салма.

(Қызанақ)

2. Үстіне тігіп көк шатыр,

Астында қызғылт дәу жатыр.

(Қызылша)

3. Бұл не деген көп киім,

Жетпіс қабат көк киім.

Жаңбыр одан өтпейді,

Қабат-қабат тоны бар,

Түймелеуге жетпейді.

(Қырыққабат)

Тақпақ:

«Қарбыз» Е. Елубай

Теңбіл-теңбіл қарбызды

Тентек Серік жарғызды.

Сонан соң оны жеді,

Жеді де былай деді:

-Сүйек болмаса, еті

Неткен тәтті, - деді

Ырымдар.

Сәбіз шөбі иіліп тұрса, жаңбыр болады.

Егер өсімдік баданаларының қабығы жұқа болса, жұмсақ қыс болады. Қалың және қатқыл болса, қатал қыс болады.

Қимылды ойын

«Таяқ тастау» (башқұрт ойыны)

Бастапқы қалыпты сақтай отырып, таяқ лақтыру шеберлігін бекіту.

Еңбек іс-әрекеті.

Көкөніс жинау.

Көкөніс жинауда белсенді ат салысу, үлкендерге көмек беруге тәрбиелеу.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен эксперименттер.

«Тұтам немесе тамырша»

Жеуге жарамды өсімдік бөлігін атауға үйрету (мысалы, сәбіз – жеуге жарамды тамырша және т.б.)

Тапсырма. Қызанақтың, қиярдың жапырақтарын санау.

Қорытынды. Жапырақтар саны әртүрлі болуы мүмкін.

Өзіндік іс-әрекеті.

2-3 рөлден тұратын құрбылармен бірлескен ойындарда бірігу ептілігін жетілдіру, рөлдерді бөлу, ойындық әрекеттерді орындау, ойынға сәйкес әрекет ету.

27. Термометр көмегімен ауа температурасын бақылау.

Бақылау.

Балалардың термометрді қолданып ауа температурасын өлшеу ептілігін бекіту, сынап бағанасы қызыл сызықтан жоғары болған кезде жылы екенін білдіретініне назар аудару. Қаншалықты бағана жоғары болса, сонша жылы болады; цифрлар неше градус жылы болып тұрғанын анықтауға көмектеседі; әрбір сызық бір градусты білдіреді. Даладағы және топтағы ауа температурасын өлшеу. Жазда далаға қарағанда топтағы температура төмен деген қорытынды жасау. Балалардың қызығушылығын, ақылды белсенділігін ояту.

Жұмбақ:

Бір нәрсе жер мен көктің арасында,

Көрінбес өзі түгіл қарасы да,

Білінбей жер үстінде жүрсе дағы,

Пайдалы адамзаттың баласына.

(Ауа)

Мақал-мәтел:

1. Жаздың бір күні –

Қыстың мың күніне татыр.

2. Тамшыдан тама берсе

Дария болар

3. Қыстағы қар жерге ырыс,

Жердегі ылғал – елге ырыс.

Қимылды ойын

«Дөңгелек бойынша пас беру»

Әртүрлі әдіспен бір-біріне доп лақтыру және ұстай білуді бекіту. Физикалық қасиеттерін – шапшаңдылық, икемділікті дамытуды. Үйлестіру қимылдарын жетілдіру.

Еңбек іс-әрекеті.

Қысқа көкөністерді тұздау.

Қысқа көкөністерді дайындау барысында үлкендерге шамасына қарай көмек көрсету. Жұмыс аяқталғаннан кейін жұмыс орнын өз бетінше жинай білуін бекіту.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен эксперименттер.

«Не жылы, не суық?»

Күннің көзінде әртүрлі заттар түрліше қызатыны туралы ұғымын кеңейту, себебі-олар әр түрлі материалдан жасалған, қызығушылығын дамыту.

Өзіндік іс-әрекеті

Ойын барысында балалардың бір-бірімен қатынаса білуін жетілдіру. Өз қылықтарымен іс-әрекеттерін көрсету, өз пікірлерін қорғау. Құрбыларының пікірлерімен келіспейтінін әдепті түрде айта білуін дамыту.

28. Заттардың көлеңкесін бақылау.

Бақылау.

Күннің жоғары тұрғанын анықтау, заттардың көлеңкесін, таңертең балалардың өздерінің көлеңкесін күн әлі жоғары шықпағанда және күндіз, ол әлі бастан жоғары тұрғанда бақылауға болады, көлеңкенің

ұзындығын өлшеу,көлеңкеде заттар суығырақ, күннің көзінде жылырақ болатынына көңіл аудару.Балаларды күн аспанда қозғалады деген қорытындыға келтіру.Бақыланған затқа қызығушылығын ояту.

Жұмбақ:

Мен жүгірсем, ол да жүгіреді,

Мен мүдірсем, ол да мүдіреді.

(Көлеңке)

Қимылды ойын

«Қақпашы»

Жарысу элементтері бар спорттық ойындарға қызығушылығын дамыту.

Еңбек іс-әрекеті.

Жиналған табиғи материалдардан панно құрастыру.

Белсенділігін дамыту,жұмыстың үнемді әдістерін үйрету,Еңбек қызметінің мәдениетін тәрбиелеу,өз еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Дидактикалық ойындар.Тәжірибелер мен эксперименттер.

«Жануарды тамақтандыр»

Аталған жануарлар,жәндіктер,құстар қалай,немен тамақтанатыны туралы балалардың білімдерін бекіту.Жарысқа қатысу ықыласын,сұраққа тез жауап бере білуін дамыту.

Эксперимент. Таңертең және түсте көлеңке биіктігін өлшеу.

Қорытынды. Күн аспанда жылжығандықтан көлеңке биіктігі өзгереді.

Өзіндік іс-әрекеті.

Балалардың өзіндік ұжымының даму негізі ретінде дұрыс нысанды қарым-қатынас топтарын пайдалану.Ұялшақ,жасқаншақ балаларға ойынға кірісуге көмектесу,өте белсенді балалардың өзінің серіктестерінің ынтасын баспауын қадағалау.

29.Шөпті шауып жатқан бағбанды бақылау.

Бақылау.

Жайылымдағы өсімдіктер туралы білімді анықтау және бекіту,шөпті шауып жатқан бағбанды қадағалау,жайылымдағы шөп биік және шүйгін екенін және де оны үй жануарларына қысқа азық үшін шауып алатындығын атап өту;шабылған шөптен кепкен хош иісті пішен шығады.Адамдардың еңбек маңыздылығы туралы,азық өсімдіктерінің құндылығы туралы түсінікті қалыптастыру.Бұрын шөбі болған алаңқайды салыстыру,шөп қайтадан өскені,гүлдердің пайда болғаны туралы қорытынды жасау.Еңбек құралдарының атауларын анықтау:тырнауыш,айыр,пішен шабатын машина.Үлкендердің еңбегін құрметтеуді тәрбиелеу.

Жұмбақ:

1. «Айт!» десе жүгірмес,

Су тисе сілкінбес.

(Шөп)

Мақал-мәтел:

1.Шебердің қолы көпке ортақ.

2.Орайы келсе орақ ор,

Кезі келсе кетпен шап.

3.Жас күнінде еңбек қылсаң,

Есейгенше жетілерсің.

Тақпақ:

«Кетпен» Ш.Сәниев

Мен – кетпенмін, кетпенмін

Мұраппен бір өткен күн.

Арық аршып, су басып,

Бау-бақшаға жеткенмін.

Ырым.

Егер шөп шуласа – ашық ауа райы болады.

Қимылды ойын

«Чехарда»

Аяқтарын екі жаққа созып, сүйіліп төрт аяқтап тұрған серіктестерінен секіріп өту шеберлігін бекіту.Күш-қуатты,шыдамдылықты дамыту.

Еңбек іс-әрекеті.

Шамаға шақ бағбанға көмектесу

Еңбек қызметі процесінде балаларда еңбекті сүю ,ортақ пайдаға еңбек ету ынтасын,жауапкершілікті тәрбиелеуді жалғастыру.

Дидактикалық ойындар.Тәжірибелер мен эксперименттер.

«Сипап,иіскеп біл»

Көкөніс,жемістерді сипап ажыратуды,гүлдерді иіскеп білуді үйрету;ойын ережелерін орындау.Адалдыққа тәрбиелеу.

*Эксперимент.*Шабылған шөпті күннің астында және көлеңке жерде қалдыру.

*Қорытынды.*Күннің астындағы шөп көлеңкедегі шөпке қарағанда тезірен құрғап қалды.

Өзіндік іс-әрекеті

Балалар қоғамы өмірінің ұйымдастыру нысаны ретінде тұрақты балалар ойындарының біріктіруін пайда болуы мен балалардың бір-бірімен жақсы қарым-қатынас қалыптастыру сияқты ойын дамуына үлес қосу.

30.Жолды жөндеу жұмысын бақылау.

Бақылау.

Балалардың үлкендер еңбегі туралы – жұмысшылардың жолды жөндеуі,еңбек мөлшері туралы ұғымдарын кеңейтуді жалғастыру(асфальттың ескі қабатын алу,ұсақталған тас қабатын төсеу,күм,катокпен тегістеу,ыстық смоланы құю,асфальт қабатын төсеу),механикаландыру рөлі(адамның ауыр еңбегін машиналар ауыстырады- каток,жүк машиналары және т.б.).Машиналар адам еңбегін жеңілдетеді қорытындыға келтіру.Еңбектену қажеттілігіне және еңбек адамдарын сыйлауға тәрбиелеу.

Жұмбақтар:

1.Арқасында ауыл жүр, ала тайым шауып жүр.

(Автобус)

2.Далаға құрған өрмегім, үстінен зулап келемін.

(Теміржол)

Жаңылтпаш:

Вова Васяның вагон ойыншығын алып,
Васяға вагон ойыншығын Вова бермеді.

Мақал-мәтел:

Жан қиналмай

Жұмыс бітпес.

Талап қылмай

Мұратқа жетпес.

Тақпақ:

Жолың болсын! Н. Айтов

Атам шықса сапарға

-Жолың болсын! – дейді апам.

Апам шықса сапарға

-Жолың болсын, - дейді атам.

-Жолың болсын дейді олар,

Үлкенге де кішіге.

Қимылды ойын

«Өрт сөндірушілер жаттығу үстінде»

Эстафетаны беру,колоннаға тұру,екі топқа бөліне білуді бекіту.Бір баспалдақ аралығынан екінші аралыққа өту,гимнастикалық қабырғаға шыға білу.Өзара көмектесуді өз бетінше дамыту.

Еңбек іс-әрекеті.

Көкөністерді жинағаннан кейін жүйелерді қазу.Көкөністерді егуге жерді дайындауға үйретуді жалғастыру,көкөністерді күте білуді жетілдіру.

Дидактикалық ойындар.Тәжірибелер мен эксперименттер.

«Неге»

Сұраққа дұрыс жауап беруді үйлестіруді бекіту, қоршаған әлем туралы білімдерін тереңдету және кеңейту.

Өзіндік іс-әрекеті.

Балалар ойынының мазмұны мен тақырыбын байыту және дамыту. Өз пікірін қорғай білуді жетілдіру, құрбыларының пікірлерімен келіспейтінін әдепті түрде білдіруді дамыту, рөлдерді бөлу қызметін, ойыншықтарды, міндеттерді бөлісуді дамыту.

31. Кішкентай балаларды бақылау .

Бақылау.

Балалар бөліміне бару. Балалардың жазда қалай киінетіндеріне назар аудару: жеңіл көйлектер, шалакшалбар, бас киімдер – орамалдар, жеңіл қалпақтар (күннің көзі басты қыздырмас үшін), жазғы киімдер ашық түсті болуға тиіс екеніне көңіл аудару (қошқыл киімдер күн сәулесін тартады). Өлі табиғаттың жазғы құбылыстары туралы білімін бекіту, ауа райына, кезеңге байланысты киімдер, жыл мезгілдерінің киімдерін салыстыру, еске алу. Балалар арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Ізгілік және қамқорлық сезімін тәрбиелеу.

Мақал-мәтел:

1. Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.
2. Балапан ұяда не көрсе,
Ұшқанда соны алады.

Тақпақ:

«Іні» Е. Өтетілеуұлы

«Бір ісіме қапа ма»

Деп қарайды апама

Сипаттырып басынан

Еркелейді атама.

Қимылды ойын

«Жүппен жарыса жүгіру»

Белгі бойынша қолдарынан ұстасып жүппен жарыса шапшаң жүгіруді бекіту. Күнделікті белсенді қозғалтқыш қызметінің қажеттілігін қалыптастыру.

Еңбек іс-әрекеті

Ойыншықтарды жөндеудің жеңіл жұмыстарын өз ықыласымен жүргізуге балаларды үйрету, басталған істі соңына дейін жеткізу ықыласын тәрбиелеу.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен эксперименттер.

«Салыстырулар»

Тәрбиеленушілермен ұсынылған пәндерді салыстыра білуді бекіту; пәндер туралы әңгімелерді құрастыра білуді жетілдіру.

Өзіндік іс-әрекеті.

Балаларда өз іс-әрекеттерін ойын бойынша әріптестерінің іс-әрекеттерімен келісе білуді дамыту.